



Нұн Жұбаев атындағы орта мектеп

Сабақтың тақырыбы:

Санды және әріпті өрнектер

2-сынып

(Аудандық тамыз кеңесі)

Өткізген: Қалиева Нұрлыгүл

2015 жыл



Сабақтың мақсаты:

- 1) **Білімділігі:** Санды және әріпті өрнектер туралы білімдерін кеңейту. Мәтінді есептер шешуге, өрнек мәнін табуға, бұрыштарды топтарға бөлуге үйрету.
- 2) **Дамытушылығы:** Оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту, ауызша және жазбаша ойлау дағдыларын жетілдіру, логикалық ойлауын арттыру.
- 3) **Тәрбиелігі:** Оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру арқылы еңбекке баулу. Өз бетімен ізденуге, шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, ереже, ойын, сурет.

Әдісі: сұрақ-жауап

Типі: қайталау сабақ

Пәнаралық байланыс: дүниетану, көше тәртібі, ана тілі.



Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

1) Психологиялық дайындық

Күн сәулесін алақанға саламын,
Жүрегіме басып ұстай қаламын.
Ізгі, жылы әрі нәзік, мейірімді
Болып кетер сонда дереу айналам.

2) Топтарға біріктіру (карточта арқылы), топ басшысын сайлау, «Бағдаршам әдісімен» бағалау.



3



4



5

Топтар: Амалдар, Өрнектер, Теңдеулер, Есептер

3) Сынып ережелерімен таныстыру

II. Үй тапсырмасын тексеру. «Миға шабуыл» (карточкамен жұмыс)

III. Жаңа сабақ. Санды және әріпті өрнектер

Оқулықпен жұмыс. 1,2-тапсырмалар 4-топқа беріледі, «Постер қорғау» әдісімен орындайды.

«Шамалар шарқы» Ұзындық өлшем бірліктерін еске түсіру.

$$1 \text{ км} = 1000 \text{ м}$$

$$1 \text{ дм} = 10 \text{ см}$$

$$1 \text{ м} = 10 \text{ дм}$$

$$1 \text{ см} = 10 \text{ мм}$$

$$1 \text{ м} = 100 \text{ см}$$

3-тапсырма. Оқы: 39см, 50см.

$$39 \text{ см} = \square \text{ см} + \square \text{ см}$$


$$39 \text{ см} = \square \text{ дм} + \square \text{ см}$$

$$39 \text{ см} = \square \text{ дм} \quad \square \text{ см}$$

$$50 \text{ см} = \square \text{ см} + \square \text{ см}$$

$$50 \text{ см} = \square \text{ дм} + \square \text{ см}$$

$$50 \text{ см} = \square \text{ дм} + \square \text{ см}$$



Сергіту сәті: «Кезек сақта!» ойыны. Айболит туралы айту

Кел, ойнайық!
Кезек сақта!

20-10

80+20

30-10

30+30

70-40

100-50

20+10

4-тапсырма. Есеп

I топ: Оқиды, шарт құрады.

II топ: Шешуі мен жауабын жазады.

III топ: Кері есеп

IV топ: Кері есеп


Шарты: 1-команда – 30 бала

2-команда – ?

50 бала

5-тапсырма. «Фигуралар сыры»

- Суретте барлығы неше бұрыш бар? Бұрыштарды қандай топтарға бөлуге болады?



6-тапсырма: Өзіндік жұмыс.

Бір бағанға қосындыларды, ал екінші бағанға айырмаларды теріп жаз. Олардың мәнін тап:

$20+6=$

$30+7=$

$74-4=$

$30-0=$

$69-9=$

$40+8=$

$50+9=$

$100-60=$

$93-3=$

$87-7=$

$30+0=$

$60+40=$

«Логика әлемі»

1. Самат екі балықтан, ал Марат бір балықтан ұстап отырған. Олар барлығы 12 балық ұстаса, әрқайсысы неше балықтан ұстаған?
2. Ауылда 4 күн, 4 түн боран соқты. Неше тәулік боран соқты?
3. Бір адам қалаға бара жатыр еді, жолда оған үш танысы қарсы келді. Қанша адам қалаға барды?

IV. Қорытынды:

1. «Ортадағы қаламсап» әдісімен сұрақ – жауап.

а) Санды өрнек деген не?

ә) Әріпті өрнек деген не?

2. Үйге тапсырма: 6-тапсырма (ә)

3.

Бағалау.



Тыңдағандарыңызға
рахмет

